



«Күміс университет» бағдарламасы аясында өткен кезекті дәріс жаңа ашылған көрмеге арналды.

Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-да (18.12.2025 ж.) «Күміс университет» бағдарламасының тыңдармандарына арналған бейнелеу өнері тарихынан кезекті дәріс өткізілді. Дәрістің алғашқы бөлімі Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арнайы ашылған “Кескіндеме, мүсін және дизайн” факультеті ПОҚ-ның шығармашылық еңбектерімен танысудан басталды. Көрмедегі кескіндеме, мүсін, графикада орындалған туындылар тарихи жады, рухани сабақтастық және көркемдік ізденіс мәселелері аясында қарастырылып, олардың стильдік, тақырыптық және идеялық ерекшеліктері өнертанулық тұрғыдан пайымдалды.

Екінші бөлімде Өнер академиясының бейнелеу өнері қорында сақталған графикалық шығармаларға ерекше назар аударылды. Бұл бөлімде графика өнерінің техникалық мүмкіндіктері, көркем тілінің айқындылығы мен авторлық қолтаңбаның рөлі жан-жақты талқыланды. Тыңдармандармен жүргізілген пікір алмасулар өнер туындысын кәсіби қабылдау мәдениетін қалыптастыруға ықпал етті. “Өнертану” факультеті, “Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы” кафедрасының аға оқытушысы, өнертанушы Л.А. Кенжебаева дәріс барысында бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрларын тарихи-теориялық негізде жүйелеп, нақты көркем мысалдар арқылы түсіндірді. Аталған дәріс өнер сүйер қауым үшін мазмұнды әрі танымдық маңызы жоғары іс-шара болып, қатысушылар тарапынан оң бағаланды.